

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 және "Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын мемлекеттік жоғары оқу орындарының мәселелері туралы" 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 573 жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 805 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына толықтырулар енгізілсін:

1) "Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 27, 331-құжат):

1-тармақтың 14) тармақшасы "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетіне;" деп жазылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне ерекше мәртебе берілсін.";

2) Күші жойылды – ҚР Президентінің 17.08.2019 № 120 Жарлығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 17.08.2019 № 120

Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев